



Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2016 жылға арналған жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы N 40/7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қаңтарда N 3578 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 487-бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 38-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысының 2016 жылға арналған жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан

облыстық мәслихаттың

XXXX сессиясының төрағасы

Солтүстік Қазақстан

облыстық мәслихаттың хатшысы

А. Сапаров

Қ. Едіресов

Облыстық мәслихат сессиясының

2015 жылғы 14 желтоқсандағы

№ 40/7 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысының жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2016 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері

Арнайы су пайдалану түрі						
Өзен, көл, теңіз бассейн-дері	Тұрмыстық-пайдалану және коммуналдық қызметтер (теңге/1000 текше метр)	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса алғанда (1000 текше метр)	Ауыл шаруашылығы (теңге/1000 текше метр)	Су көздерінен су тартуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары (теңге/1000 текше метр)	Гидроэнергетика (1000 квт/сағат)	Су көлігі (1000 т/км)
Есіл өзенінің бассейні	106,51	295,09	83,81	83,81	29,68	8,73

